

Санг-Кю Ли¹, А.А. Аманбаева², А.Н.Рамашова³

¹Андонг ұлттық университеті, Оңтүстік Корея;

²Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан;

³Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail:r.aissulu87@mail.ru)

Сауда осалдығының алдын алудың стратегиясы: механизмдері, құралдары, нысаналы индикаторлары

Мақалада Қазақстан Республикасы сауда осалдығының үрдістері, олардың алдын алудың механизмдері мен индикаторлары қарастырылған. Сауда осалдығын болғызбау стратегиясын іске асыру процесінде белгілі бір тәуекелдер туындауы мүмкін. Ол тәуекелдерге: Қазақстанның экспорттайтын энергия ресурстары мен ауылшаруашылығы шикізатына әлемдік бағалардың құбылмалылығы, әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауы, сауда компаниялары мен өз қызметін жүйе құраушы компаниялардың жанында жүзеге асыратын шағын және орта бизнес кәсіпорындары іскерлік белсенділігінің баяулау және тағы басқа түрлері жағдайы. Стратегиялық құжаттардың арасында 2030 жылға дейін ҚР-ның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұжырымдамасы бар. Оның ішінде сауда осалдығының деңгейін төмендету мақсатында нысаналы индикаторлар көзделген болатын. Мақалада осыған байланысты сауда саласындағы тәуекелдерді басқару мақсатында әлемдік экономиканың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері мен негізгі шикізат тауарларына әлемдік бағалар динамикасы, ықтимал тәуекелдерді уақтылы анықтау үшін Қазақстан экономикасының мониторингін қамтамасыз ету қарастырылған. Сондай-ақ қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда, оның ішінде ұлттық экономиканың байлауымен, рецессиясымен немесе дағдарысымен сипатталатын, энергия ресурстарына әлемдік бағалардың күрт ауытқулары салдарынан экономиканы тұрақтандыру бойынша шаралар қабылдау қажет.

Кілт сөздер: стратегия, бірыңғай экономикалық кеңістік, әртараптандыру, Кеден одағы, Еуразиялық экономикалық одақ, сыртқы сауда, ішкі сауда, жоспарлау, кезең, мемлекет, мақсат, міндет.

Стратегияның міндеті негізгі мақсатқа қолжеткізу үшін қолда бар ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады. Мемлекеттің экономикалық стратегиясы мемлекеттің саяси стратегиясын іске асыру үшін оның экономикаға араласу басымдықтары мен құралдарын түрлендіруді айқындайды. Ол мемлекет әрекеттерінің бағытталуын және оларды ең жалпы түрінде ұзақмерзімді кезеңге іске асыру қағидаттарын сипаттайды. Соңғы уақытта мемлекеттік басқаруда 25 (бір ұрпақ) немесе тіпті 50 жылға (екі ұрпақ) мемлекет экономикасы дамуының әлдебір қалаулы жай-күйі түсінілетін «стратегиялық жоспарлау» тіркесі барған сайын жиі қолданылып келеді.

Стратегиялық жоспарлау бұл стратегиялық міндеттерді орындауға бағытталған бағдарламалар мен іс-қимыл жоспарларын және кеңістікте (орындаушылары бойынша) әрі уақыт бойынша (мерзімдері бойынша) өзара байланысты іс-шараларды жасау және іске асыру процесі. Стратегиялық жоспарлау бойынша стратегияны түсінуге арналған екі қарама-қарсы түсінік бар.

Бірінші жағдайда стратегия бұл қандай да бір мақсатқа қолжеткізудің нақты ұзақмерзімді жоспары, ал стратегияны тұжырымдау бұл қандай да бір мақсатты табу және ұзақмерзімді жоспар жасау. Мұндай көзқарас барлық туындайтын өзгерістерді алдын ала болжап білуге болады, ортада орын алатын процестерге анықталған сипат тән әрі олар толық бақылау мен басқаруға көнеді дегенге негізделеді.

Екінші жағдайда стратегия деп ел немесе кәсіпорын дамуының сапалы тұрғыдан айқындалған ұзақмерзімді, оның саласына, құралдары мен нысанына, өндірісшілік қарым-қатынастарға қатысты бағыты түсініледі. Мұндай түсіну кезінде стратегияны қызметтің таңдалған бағыты ретінде сипаттауға болады, оның шеңберінде әрекет ету ұйымды өз алдында тұрған мақсаттарға қолжеткізуге алып келуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайын Жолдау арнайды. Мемлекет басшысы Жолдауының ережелері Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын түзету үшін негіз болып табылады [1].

Жолдаудың ережелерін іске асыру мақсатында тиісті жалпы ұлттық іс-шаралар жоспары әзірленеді. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, нормативтік құқықтық актілер әзірленбей

тұрып, тұжырымдамалар (доктриналар) әзірленуі мүмкін. Тұжырымдама (доктрина) белгілі бір саланың жалпы даму пайымын, тиісті мемлекеттік саясатты өзгерту қажеттілігінің негіздемесін, ұсыныстар мен осы саланың проблемалы мәселелерін шешу жолдарын көрсететін құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес бұл белгілі бір аяны, саланы (салаларды) дамытудың пайымын, тиісті мемлекеттік саясаттың негіздемесін көрсететін және оны іске асырудың негізгі қағидаттары мен ұстанымдарын қамтитын құжат [2]. Тұжырымдама ағымдағы ахуалды талдауды, аяны, саланы (салаларды) дамытудың үрдістері мен пайымын қамтиды; аяны, саланы (салаларды) дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы ұстанымдарын ашып көрсетеді; олар арқылы тұжырымдаманы іске асыру болжанып отырған нормативтік құқықтық актілердің тізбесін көздейді. Сауда осалдығын болғызбау стратегиясының мақсаты елдің сауда осалдығын төмендету және сауданың орнықты өсуіне қолжеткізу мақсатында сыртқы және ішкі сауданы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және мемлекеттік қолдаудың біртұтас жүйесін құру болуға тиіс. Стратегияның мақсаттарына қолжеткізу үшін сауда саласындағы мемлекеттік ықпал етудің идеологиялық, институционалдық, ұйымдастырушылық, қаржылық-экономикалық құралдарының кең қатарын қолдану қажет.

Сауданы дамытудың 2010–2014 жж. арналған алдыңғы бағдарламасын іске асыру тәжірибесін ескере отырып, мынадай міндеттерді көздеуге болады:

- сыртқы және ішкі сауданың тиімділігін арттыру, сауда инфрақұрылымын жетілдіру арқылы сауда саласындағы еңбек өнімділігін арттыру;
- ішкі сауданы мемлекеттік қолдау жүйесін құру және биржалық және электрондық сауданы жеделдетіп дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- көтерме сауда жүйесін халықаралық транзиттік желіге интеграциялау.

Іс-шаралар жоспарларында нақты орындаушыларын, іске асыру мерзімдерін, жылдар бойынша болжанатын көлемдері мен қаржыландыру көздерін көрсете отырып, стратегияны іске асыру жөніндегі шараларды көрсету керек. Сыртқы және ішкі сауданың жыл сайынғы өсу қарқыны, алдыңғы жылға қарағанда бөлшек сауда тауар айналымының өсу қарқыны %-бен (ағымдағы бағамен); бөлшек сауданың физикалық көлемі индексінің жыл сайынғы өсімі; бөлшек сауда алаңдарының жалпы көлеміндегі сауда кәсіпорындары алаңдарының үлесі (базарларды қоса алғанда). 1000 адамға шаққандағы сауда алаңдарымен қамтамасыз етілу үлесі; бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлеміндегі қазіргі заманғы сауда форматтарының үлесі; бөлшек сауда нарығының шоғырлану дәрежесі; тауар айналымының жалпы көлеміндегі биржалар арқылы жүргізілетін сауда операциялары көлемінің үлесі және т.б. нысаналы индикаторлар ретінде бола алады.

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері маңызды компонент болып табылады. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру көзделуге тиіс. Тұтастай алғанда, күтілетін нәтижелерді сауда осалдығы индикаторлары базалық көрсеткіштерінің қаншалықты жақсарғаны арқылы бағалауға болады. Үкіметтің бағалауы бойынша, ішкі сауданы дамыту Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады [3].

Сауданы стационарлық сауда нысандарында жүзеге асыруға кезең-кезеңмен өту қамтамасыз етіледі. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Астананың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап облыстық маңызы бар қалалардың аумағында стационарлық сауда объектілерінен тұратын әмбебап сауда нарықтары қолданысқа енгізіледі.

Биржалық сауда саласында 2016 жылғы 1 шілдесінен бастап тауар биржалары жарғылық капиталының ең төмен мөлшері 100000 айлық есептік көрсеткішке дейін және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 300000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды.

2017 жылғы қаңтардан бастап биржалық сауда-саттықты электрондық нысанға толық ауыстыру көзделген. Ішкі тұтыну белсенділігі сауда қызметтерінің орташа есеппен 2,3 %-ға өсуіне ықпал ететін болады.

Мемлекеттің сыртқы сауда санағы мәліметтерінің сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органдар сауда қорытындыларына қатысты салыстырмалы талдау және сол салыстырмалы талдаудың нәтижесінде болар-болмас алшақтықтарды анықтау жұмысын жүргізеді. Сыртқы саудаға қатысты айтатын болсақ, сыртқы сауда айналымы орташа қарқынмен, орташа есеппен 12,1 %-ға өсетін болады. Тауарлар экспорты номиналдық мәнінде 2017 жылдан бастап орташа есеппен 8,7 % қарқынмен, мұнай экспорты физикалық көлемінің күтілетін ұлғаюы нәтижесінде экспорттың өсуі күтіледі және 2021 жылы 53,3 млрд долл. құрайды (1-кесте).

Экономика салаларының даму болжамы, алдыңғы жылға қарағанда %-бен

Атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
	Алдын ала	Болжам				
ТАУАРЛАР ӨНДІРУ	101,4	102,8	102,0	103,1	102,6	102,1
Ауыл шаруашылығы	105,5	102,5	103,2	103,0	103,0	103,0
Өнеркәсіп	99,1	103,0	101,8	102,7	101,9	101,1
Тау-кен	97,8	103,6	101,8	102,7	101,9	100,1
Өңдеу	100,7	102,6	102,0	103,0	102,2	102,2
Электрмен және газбен жабдықтау, желдету	100,4	100,3	100,5	100,5	100,5	100,5
Құрылыс	107,9	102,6	102,0	104,8	104,5	104,7
КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРУ	100,8	102,4	102,1	102,5	103,1	103,7
Сауда	98,6	101,9	101,7	102,3	102,5	103,3
Көлік және қоймаға жинау	103,7	104,0	100,0	100,0	102,0	102,0
Ақпарат және байланыс	98,0	101,0	101,0	101,0	101,0	101,0
ЖІӨ	101,0	102,5	102,1	102,7	102,9	103,1

Ескерту. [4] негізінде авторлармен құрастырылған.

Болжанып отырған кезеңде импорттың өсу қарқынының артуы күтіледі. Өсудің номиналды қарқыны орташа есеппен 7,5 %-ға жетеді. Импорт өсуінің ең жоғары қарқыны 2020 жылға тиесілі болады — 14,1 %. Елдің 2017–2021 жж. арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының макроэкономикалық сипаттағы өлшемдерін, бірінші кезекте, сауданың болжамды көрсеткіштерін (1-кесте) назарға ала отырып, біздің зерттеуіміздің қолжеткізілген нәтижелерін пайдаланып, біз сауда осалдығын болғызбау және оның деңгейін төмендету тұрғысынан екі кесте (1, 2-кестелер) құрастырдық [3].

2-кесте бойынша 2014–2015 жж. сауда саласында бір сатушының тауар сату көлемі 27 мың АҚШ долл. болды. Регрессиялық талдау нәтижелеріне сәйкес, осы көрсеткішті екі есе ұлғайтса, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 1215 мың АҚШ долл. жетуі әбден мүмкін. Көзделген мақсатқа қолжеткізу үшін Қазақстанда бөлшек сауда тауар айналымының өсу қарқынын барынша күшейту қажет. Осы орайда бөлшек сауда тауар айналымының өсу болжамы 2-кестеде жақсы көрсетілген. Мәселен, Үкіметтің болжамы аясында алдағы 5 жылда тауар айналымының өсімі 3 %-ға жетпейді, тек қана 2021 жылы ғана осы көрсеткіш 3,1 %-ды құрайды.

Үкіметтің сауда жөніндегі болжамдарын басшылыққа ала отырып, 3 сценарий жасалды: оптимистік, базальк және пессимистік болжамдар.

Біздің ойымызша, оптимистік сценарий бойынша бөлшек сауданың тауар айналымы 25 % арасында өсетін болады.

Экономикалық өсу және сату көлемі

Р/с №	Индикатор	
	Сауда саласында 1 сатушының сату көлемі (мың АҚШ долл.)	Жан басына шаққандағы ЖІӨ (мың АҚШ долл.)
1	2	3
1	Екі есе ұлғайту, немесе 50	1215
2	120	20
3	180	30
4	240	40
5	300	50

1	2	3
Болжамдық көрсеткіштер		
Сауда саласында 1 сатушының сату көлемін екі есе ұлғайту, немесе 50 мың АҚШ долл. дейін жеткізу болжамы		
	Оптимистік сценарий	2025 ж.
	Базалық сценарий	2030 ж.
	Пессимистік сценарий	2035 ж.

Ескерту. [4] негізінде авторлармен құрастырылған.

Ал базалық сценарий аясында бөлшек сауданың тауар айналымы 12 % арасында өсуге тиіс. Пессимистік сценарий бойынша осы көрсеткіш 0–1 % арасында сақталатын болады.

ЖІӨ мен бөлшек сауданың тауар айналымы

Р/с №	Бөлшек сауда тауар айналымының өсу қарқыны, %	ЖІӨ-нің өсу қарқыны, %
1	5	3
2	10	4–4,5
3	15	5–6
4	15-тен жоғары	7
	Оптимистік 2 ден 5 %-ға дейін	3
	Базалық 2 %-ға дейін	1–2
	Пессимистік өсу жоқ	0–1

Ескерту. [4] негізінде авторлармен құрастырылған.

2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Үкіметтің алдына 2025 жылға қарай шикізаттық емес экспортты екі есе ұлғайту жөнінде міндет қойды. Осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру үшін экспортты дамыту және алға жылжыту құралдарын бір ведомствоға шоғырландыру қажет. Экспорттаушыларға қолдауды, оның ішінде өңірлерде «бір терезе» қағидаты бойынша көрсету керек. Сондай-ақ Үкіметтің жанынан Экспорттық саясат жөніндегі кеңес құрылатын болады. Оның құрамына бизнес-қоғамдастықтың өкілдері кіруге тиіс. 2017 жылғы 1 қыркүйекке дейін Үкімет әкімдермен және бизнеспен бірлесе отырып, бірыңғай экспорттық стратегияны әзірлейтін болады. Сонымен қатар Қазақстан ауылшаруашылығы өнімін өндіруді әртараптандыру арқылы азық-түлік тауарларының экспортын 2021 жылға қарай 40 %-ға арттыруды көздеп отыр. Бұл міндеттер агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылуға тиіс.

Бұл ретте 2016 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанға азық-түлік тауарларын импорттау 74 %-ға қысқарды. Мұндай айтарлықтай төмендеуге қазақстандық өндірушілердің импорттық азық-түлік тауарларын алмастыруы ықпал етті. Өткен жылы республиканың өндірушілері шығарымын 4 %-ға ұлғайтты. ҚР-да азық-түлік тұтынуындағы импортты алмастыру жер қойнауын пайдалануға қарағанда әлдеқайда табысты жүріп жатыр. 2016 жылдың ішінде тамақ өнімдерінің негізгі 47 атауының 35 тауар позициясында ресурстардағы импорттың үлесі қысқарды. Тиісінше, ресурстардағы және тұтынуындағы импорттың үлесі азық-түлік тауарларының 12 атауы бойынша өсті.

Қант өндірісінде де импортты алмастыру процесі күрт жандандырылды — импорттың үлесі 21 %-ды құрайды. 2015 ж. импорт Қазақстандағы барлық қант ресурстарының 41 %-ын құраған. 2016 ж. ет өніміндегі (шошқа етін, ірі қара малдың етін алып тастағанда) импорттың үлесі едәуір байқалатындай азайған. Егер 2015 ж. импорттың деңгейі 63 % деп бағаланса, онда 2016 ж. 12 айы ішінде ол 37 %-ға дейін төмендеді. 2016 ж. ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы импортты алмастыру бағдарламасының басталғаны туралы мәлімдеді. Палата жүргізген сараптамада республика экономикасының 10 саласында, әзірше импортталатын, бірақ егер елде өзіндік жеке өнідіріс жолға

қойылса, оларды алмастыруға болатын 150-ге жуық тауар позициясы анықталды. Ақшалай баламада импортты алмастыру 150 млрд-тан астам теңгені үнемдеуге мүмкіндік берер еді.

4 - кесте

2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі нысаналы индикаторлар

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі		2020 ж.	2025 ж.	2030 ж.
1	Ауылдық жерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжеткізу, %-бен	80	90	100
2	Жақсы және қанағаттанарлық техникалық жай-күйдегі республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі, %-бен	89	92	95
3	Жақсы және қанағаттанарлық техникалық жай-күйдегі облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі, %-бен	78	84	90
4	Жеміс/көкөніс қоймаларының өсімі, мың т	225	260	300
5	Сауда алаңдарымен қамтамасыз етілу, 1000 адамға есептегенде, шаршы м	187	278	338
Азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі		2020 ж.	2025 ж.	2030 ж.
1	Халықтың ақшалай табысы (орташа есеппен жан басына шаққанда), айына тг	99 293	158 868	254 190
2	Азық-түлік тауарларына жұмсалатын ақшалай шығыстар (орташа есеппен жан басына шаққанда), айына тг	60 801	85 121	119 169
3	Азық-түлік тауарларына экономикалық қолжетімділік коэффициенті	60	55	50
4	Жалпы шығыстардағы азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығыстардың үлесі, %-бен	38	34	30
5	Табысы кедейлік шегінен төмен адамдар саны, адам	20 000	10 000	0

Ескерту. [4] негізінде авторлармен құрастырылған.

Кедейлік шегінде өмір сүріп жатқан халықтың ең төмен азық-түлік себетіне экономикалық тұрғыдан қолжеткізуін қамтамасыз ету үшін кедейлік шегінің қауіпті деңгей азық-түлік себеті құнының деңгейіне дейін (азық-түлік себеті құнының 40 %-ынан 60 %-ына дейін) арттырылады. Аталған іс-шара атаулы әлеуметтік көмек арқылы берілетін азық-түлік себетінің құнын жабуға мүмкіндік береді. Атаулы әлеуметтік көмек беру шарттары жетілдірілетін болады. Сондай-ақ халықтың және жас мамандардың жалпы жұмыспен қамтылуын қолдау жөніндегі шараларды іске асыру жалғасын табады.

Біздің ойымызша, сауда осалдығын болғызбау стратегиясын жүзеге асыру процесінде белгілі бір тәуекелдер туындауы мүмкін. Бұл Қазақстан экспорттайтын энергия ресурстары мен ауылшаруашылығы шикізатына әлемдік бағалардың құбылмалылығы, әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауы, сауда компаниялары мен өз қызметін жүйе құраушы компаниялардың жанында жүзеге асыратын шағын және орта бизнес кәсіпорындары іскерлік белсенділігінің баяулау тәуекелі, ішкі нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің өсуі және экономиканы кредиттеудің өсу қарқынының төмендеуі және т.б. болуы мүмкін. Осыған байланысты сауда саласындағы тәуекелдерді басқару мақсатында әлемдік экономиканың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері мен негізгі шикізат тауарларына әлемдік бағалар динамикасының, ықтимал тәуекелдерді уақтылы анықтау үшін Қазақстан экономикасына мониторинг жасап отыру керек. Сондай-ақ қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда, оның ішінде ұлттық экономиканың байлауымен, рецессиясымен немесе дағдарысымен сипатталатын, энергия ресурстарына әлемдік бағалардың күрт ауытқулары салдарынан экономиканы тұрақтандыру бойынша шаралар қабылдау қажет.

Мемлекеттік бюджетті оңтайландыру және басым емес шығыстарды секвестрлеу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау контрициклдік макроэкономикалық саясат шеңберінде және шағын кәсіпкерлік субъектілерін Ұлттық қордың қаражаты есебінен ұзақмерзімді қымбат емес кредиттермен қосымша қорландыру жөніндегі шараларды іске асыру орынды болады.

Сауда саласындағы мемлекеттік саясаттың Ұлттық экономика министрлігінің құзыретіне жататынын ескере отырып, осы мемлекеттік органның жұмыс сапасына назар аударған жөн.

Сыртқы саудада экономиканы әртараптандыру жөніндегі реформаларға қарамастан, экспорттың негізгі бабы болып табылатын шикізаттық тауарлар энергетикалық тауарлар мен металдардың әлемдік бағасына қатысты экономиканың осалдығына жол ашады [3].

Ұлттық экономика министрлігінің Стратегиялық жоспарының бесінші бағыты халықаралық экономикалық ықпалдастықты және сыртқы сауда қызметін көздейді. Осыған орай, елдің сыртқы саудасының осы аспектісіне көңіл бөлген жөн. Беларусьтің, Қазақстан мен Ресейдің ұлттық электр нарықтарын интеграциялау арқылы 2019 жылға қарай жалпы электр энергиясы нарығын құру жоспарланған [4; 70–72].

Енді осы мәселенің осал және қиындық туғызатын жақтарына назар аударайық. Сыртқы сауда тұрғысынан шет елдер мен олардың кәсіпорындары заңсыз қолданатын шаралар және отандық өндірушілерге зиян келтіретін шығындар және оларды болғызбау жөнінде демпингке қарсы, шектеу және тыйым салу сияқты қарсы шаралар осалдықтың элементтері болып саналады [5; 340].

Қазақстан Республикасы Кеден одағының жұмыс істеуі барысында ұйымдастырушылық сипаттағы кейбір қиындықтарға тап болып отыр. Экспорт бойынша негізгі қиындықтардың қатарына Кеден одағы елдерінің нарығына алкоголь, фармацевтикалық өнім, мұнай сияқты бірқатар тауарларымыздың жеткізіліміне қойылған шектеулерді жатқызуға болады. Өзара саудадағы осындай кедергілерді жою жөніндегі жұмыс тиімді жүргізіліп жатыр деп айту қиын.

Жалпы алғанда, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік және Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы интеграциялық процестер елдің экономикалық әлеуетінің ашылуына, бірлескен, өзара толықтыра алатын өндірістерді құруға, анағұрлым тиімді жағдайда өзара сауда жүргізуге, сондай-ақ жоғары бәсекеге қабілеттілікті арттырып, әлемдік нарыққа шығуға жаңа мүмкіндіктер береді.

Қазақстан саудасының өсуіне, негізінен, минералдар, шикізат және азық-түлік (бидай) сияқты тауарларға қалыптасатын әлемдік сұраныс экспорт пен импорттың өсуі тұрғысынан ықпал етеді. Қазақстан экономикасының өсуі үшін, тиісінше, еліміздің жалпы сатып алу қабілеті үшін мұнайдың әлемдік бағасының маңызы айрықша болып табылады [6; 146].

Сонымен қатар қазіргі заманғы сауда форматтарының әлсіз дамуы бөлшек сауда секторында біраз операциялық шығындарға жол береді. Еуропа елдерінің тәжірибесіне жүгінетін болсақ, мұнда ірі сауда форматтарының бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі үлесі әлдеқайда зор [7].

Қорыта келе қазіргі уақытта бәсекелестікті дамытуға кедергі келтіретін бірқатар осал мәселелер және қатерлер бар. Біріншіден, бұл жаңа компаниялардың нарыққа шығуына кедергі келтіретін кемсітушілік жағдайлар. Бұл қатарға жаңа қатысушылардың нарыққа кіруін ынталандырмайтын, өндірістік емес шығындарды арттыратын және сыбайлас жемқорлыққа, сондай-ақ «әкімшілік ресурс» деп аталатын құбылыстың пайда болуына жағдай туғызатын әртүрлі әкімшілік кедергілерді жатқызуға болады [8]. Екіншіден, саланың тым баяу өсу қарқыны, жоғары белгіленген шығындар және алынатын кірістің төмен деңгейі де бәсекелестіктің қарқынына, жеткізілетін өнім мен қызметтің бағасы мен сапасына кері әсер етуі мүмкін. Үшіншіден, тұтынушылардың сұранысы мен сатып алу қабілеті. Сатып алудың тым аз көлемі, қымбат баға және соның салдарынан салада орын алған икемсіз сұраныс та бәсекелестіктің қарқындылығына кері әсер етуі мүмкін [9; 244]. Төртіншіден, экономикалық шоғырлануға жедел бақылау жасау үшін мүмкіндік беретін ақпараттық жүйенің болмауы. Бұл ретте Ұлттық экономика министрлігінің тауар нарықтарындағы жағдайды бақылау бағытындағы қызметінің тиімділігін арттыру керек. Әкімшілік сипаттағы факторлардың қатарына экономикалық процестерге мемлекеттік органдардың араласуы жатады [10; 75]. Атап айтқанда, олар: мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтың белгілері, бизнес ортасына жүктелетін әкімшілік қысым, бәсекелестікті дамыту бағытында мемлекет жалпы қабылдап жатқан шаралардың тиімділігі [11; 19]. Даму деңгейіне қарамастан, әлемнің көптеген елдеріне, оның ішінде Қазақстанға да, экономикалық қызметті тым артық реттеу тән.

Сайып келгенде, жоғарыда аталғандарды Ұлттық қауіпсіздік стратегиясымен (экономикалық қауіпсіздік тарауымен) және Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасымен

байланыстыра отырып қарастырған орынды. Демек, сауда осалдығы аясында зерделенген басым бағыттар мен тұжырымдамаларды аталған құжаттарға енгізген жөн. Сол себепті оларды тәжірибеге енгізу қажет. Бизнесін ашқан және жүргізген кезде кәсіпкерлер тым күрделі әрі анық емес рәсімдерді орындауға міндетті болады. Бұл экономикалық өсудің ең елеулі кедергісі болып табылады. Сонымен қатар сыртқы экономикада өзгермелі жағдай туындағанда сауда осылдығына мониторинг жүргізу тұрғысынан тиісті институционалдық құрылымдардың қызметін де қайта қараған жөн. Олардың қатарында Ұлттық экономика министрлігі, «Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ және т.б. бар. Сауда саласындағы мемлекеттік саясаттың Ұлттық экономика министрлігінің құзыретіне жататынын ескере отырып, осы мемлекеттік органның жұмыс сапасына назар аударған жөн.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Указ Президента Республики Казахстан от 18 июня 2009 года № 827 «О системе государственного планирования в Республике Казахстан» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827>.
- 2 Постановление Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2010 года № 305 «О правилах разработки концепции, доктрины» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P100000305_links.
- 3 Прогноз социально-экономического развития Республики Казахстан на 2017–2021 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=37034666.
- 4 Савин В.В. Единое энергетическое пространство России и Казахстана: механизм интеграции // В.В. Савин // Проблемы современной экономики. — 2007. — № 2. — С. 70–72.
- 5 Рахимбаева А.А. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және оны жүзеге асыру құралдары: сб. матер. науч.-семинара «Инновационное развитие экономики Республики Казахстан» / А.А.Рахимбаева. — Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2015. — С. 339–344.
- 6 Мырзахметова А.М. ДСҰ және Қазақстанның сыртқы саудасы: оқу құралы / А.М. Мырзахметова. — Алматы: Заң әдебиеті, 2010. — 146 б.
- 7 Закон Республики Казахстан от 27 октября 2015 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам регулирования торговой деятельности» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32322498.
- 8 Кенжешов К. Анализ внешней торговли Казахстана [Электронный ресурс] / К. Кенжешов // Современные научные исследования и инновации. — 2015. — № 7. — Ч. 3. — Режим доступа: <http://web.snauka.ru/issues/2015/07/56006>.
- 9 Рахимбаева А.А., Блохина Т.К. О проблемных вопросах развития внутренней торговли в Казахстане // Интеграция мировых научных процессов как основа общественного прогресса: материалы Междунар. науч.-практ. конф. — Казань, 2016. — С. 242–248.
- 10 Аузан А.А. Административные барьеры в экономике / А.А. Аузан, П. Крючкова // Вопросы экономики. — 2001. — № 5. — С. 73–88.
- 11 Арасланова М.В. Особенности и механизм взаимодействия властных и предпринимательских структур / М.В. Арасланова // Вестн. Российского ун-та дружбы народов. Сер. Политология. — 2009. — № 2. — С. 17–25.

Санг-Кю Ли, А.А. Аманбаева, А.Н. Рамашова

Стратегия предотвращения торговой уязвимости: механизмы, инструменты, целевые индикаторы

В статье рассмотрен процесс реализации стратегии по предотвращению торговых уязвимостей. При ситуации, когда ресурсов под рукой недостаточно, чтобы достичь цели, в качестве способа действия стратегия становится все более необходимой. При реализации стратегии избегания торговой уязвимости могут возникнуть определенные риски. К таким рискам относятся неустойчивость мировых цен на экспортируемые энергетические ресурсы и сельскохозяйственное сырье, замедление темпов роста мировой экономики, риск замедления деловой активности малого и среднего бизнеса в торговых компаниях и их собственного бизнеса, рост процентных ставок на внутреннем рынке и темпы роста кредитования экономики и т.д. Учитывая тот факт, что государственная политика в области торговли входит в компетенцию Министерства национальной экономики, важно обратить внимание на качество работы этого государственного органа. В стратегических документах есть Утверждение, обеспечивающее сохранность безопасности продуктов питания Республики Казахстан до 2030 г. В Утверждении указывается на целевые индикаторы, которые снизят уровень слабости рынка. В связи с этим надо обеспечить экономический мониторинг Казахстана, чтобы вовремя распознать риски и управлять рыночными рисками, основными макроэкономическими показателями всемирной экономики и всемирной динамикой цен на сырье. Также необходимо принять меры для стабилизации экономики в случае неблагоприятных условий, в том числе резких колебаний мировых цен на энергоресурсы, характеризующихся связью, рецессией или кризисом национальной экономики.

Ключевые слова: стратегия, единое экономическое пространство, диверсификация, Таможенный союз, Евразийский экономический союз, внешняя торговля, внутренняя торговля, планирование, период, государство, цель, задача.

Sung-Kyu Lee, A.A. Amanbayeva, A.N. Ramashova

Prevention strategy of trade vulnerability: mechanisms, instruments, table integrated indicators

In this article, the authors reviewed the implementation of the strategy for the prevention of trade vulnerabilities. In a situation where the resources at hand are not sufficient to achieve the goal, as a means of action, the strategy becomes increasingly necessary. When implementing a strategy for avoiding a trade vulnerability, certain risks may arise. These risks include: volatility in world prices for exported energy resources and agricultural raw materials, a slowdown in the growth of the world economy, the risk of slowing business activity of small and medium-sized businesses in trading companies and their own businesses, an increase in interest rates on the domestic market and growth in lending to the economy and etc. Among the strategic documents there is an assertion that ensures the safety of the food safety of the Republic of Kazakhstan until 2030. The statement indicates the target indicators, which will reduce the level of market weakness. In this regard, it is necessary to ensure economic monitoring of Kazakhstan, in order to recognize risks and manage market risks, the main macroeconomic indicators of the world economy and the worldwide dynamics of raw material prices. It is also necessary to take measures to stabilize the economy in the event of unfavorable conditions, including sharp fluctuations in world prices for energy resources, characterized by a connection, a recession or a crisis in the national economy. Given the fact that the state trade policy is within the competence of the Ministry of National Economy, it is important to pay attention to the quality of the work of this state body.

Keywords: strategy, a single economic space, diversification, the Customs Union, the Eurasian Economic Union, foreign trade, domestic trade, planning, period, state, purpose, task.

References

- 1 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 18 iyunia 2009 h. No. 827 «O sisteme hosudarstvennoho planirovaniia v Respublike Kazakhstan» [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan of June 18, 2009, No. 827 «On the system of state planning in the Republic of Kazakhstan»]. (2009, 18 June). *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827_ [in Russian].
- 2 Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 14 aprelia 2010 h. No. 305 «O pravilakh razrabotki kontseptsii, doktrin» [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of 14 April 2010, No. 305 «On the rules for the development of concepts, doctrines»]. (2010, 14 April). *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/rus/docs/P100000305_/links [in Russian].
- 3 Prohnoz sotsialno-ekonomicheskoho razvitiia Respubliki Kazakhstana 2017–2021 hody [Forecast of social and economic development of the Republic of Kazakhstan for 2017–2021]. *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37034666 [in Russian].
- 4 Savin, V.V. (2007). Edinoe enerheticheskoe prostranstvo Rossii i Kazakhstana: mekhanizm intehratsii [Unified Energy Space of Russia and Kazakhstan: Mechanism of Integration]. *Problemy sovremennoi ekonomiki – Problems of Modern Economy*, 2, 70–72 [in Russian].
- 5 Rahimbaeva, A.A. (2015). Kazakstan Respublikasinin syrtyky sauda saiasati zhane ony zhuzhe asyru kuraldary [Foreign trade policy of the Republic of Kazakhstan and tools for its implementation]. Proceedings from Innovative Development of Economy of the Republic of Kazakhstan 15: *Nauchnyi seminar – Scientific Workshop* (p. 339–344). Astana: ENU imeni L.N.Gumilyova [in Kazakh].
- 6 Mirzakhmetova, A.M. (2010). *DSY zhane Kazahstannyn syrtyky saudasy [Foreign Trade of the WTO and Kazakhstan]*. Almaty: Zan adebieti [in Kazakh].
- 7 Zakon Respubliki Kazakhstan ot 27 oktiabria 2015 hoda «O vnesenii izmenenii i dopolnenii v nekotorie zakonodatelnye akty po voprosam rehulirovaniia torhovoii deiatelnosti» [Law of the Republic of Kazakhstan on October 27, 2015 «About amendments and additions to some legal acts regulating the trade business»]. (2015, 27 October). *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32322498 [in Russian].
- 8 Kenzheshov, K. (2015) Analiz vneshnei torhovli Kazakhstana [Analysis of Kazakhstan's foreign trade]. *Sovremennye nauchnye issledovaniia i innovatsii – Modern scientific research and innovations*, Vol. 3, 7. Retrieved from <http://web.snauka.ru/issues/2015/07/56006> [in Russian].
- 9 Rahimbaeva, A.A., & Blohina, T.K. (2016). O problemnykh voprosakh razvitiia vnutennei torhovli v Kazakhstane [On the problematic issues of the development of domestic trade in Kazakhstan]. Integration of world scientific processes as a basis for social progress 16: *Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaiia konferentsiia – International Scientific and Practical Conference*. (p. 242–248). Kazan [in Russian].
- 10 Auzan, A.A., & Kryuchkova, P. (2001). Administrativnyie barery v ekonomike [Administrative barriers in the economy]. *Voprosy ekonomiki – Issues of economics*, 5, 7388 [in Russian].

11 Araslanova, M.V. (2009). Osobnosti i mekhanizm vzaimodeistviia vlastnykh i predprinimatelskikh struktur [Features and mechanism of interaction of power and entrepreneurial structures]. *Vestnik Rossiiskoho universiteta druzhby narodov. Seriya Politologiiia – Bulletin of the Russian University of Peoples' Friendship. Series: Political science*, 2, 17–25 [In Russian].

Репозиторий КАРГУ